

ISSN 2616-678X

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева

BULLETIN

of the L.N. Gumilyov
Eurasian National University

ФИЛОЛОГИЯ сериясы

Серия **ФИЛОЛОГИЯ**

PHILOLOGY Series

№1 (122) / 2018

1995 жылдан бастап шығады

Издается с 1995 года

Founded in 1995

Жылына 4 рет шығады

Выходит 4 раза в год

Published 4 times a year

Астана, 2018

Astana, 2018

Бас редакторы **Дихан Қамзабекұлы**
филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары **Шолпан Жарқынбекова**
филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)

Редакция алқасы

Аскер оғлы Рамиз	ф.ғ.д., проф. (Әзербайжан)
Ақматалиев Абдылдажан	ф.ғ.д., проф. (Қырғызстан)
Бахтикиреева Улданай	ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Беженару Людмила	ф.ғ.д. проф. (Румыния)
Бейсенбаева Жанаргүл	ф.ғ.к., қауымд. проф. (Қазақстан)
Біжкенова Айгүл	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жақыпов Жантас	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Журавлева Евгения	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жаң Динжиң	PhD, проф. (Қытай)
Ескеева Мағрипа	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Ержласун Гүлжанат	PhD, ассос. проф. (Түркия)
Қасқабасов Сейіт	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Негимов Серік	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нұрғали Қадиша	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нуриева Фануза	ф.ғ.д., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	ф.ғ.д., проф. (Германия)
Рахманов Носимхан	ф.ғ.д., проф. (Өзбекстан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (АҚШ)
Сәтенова Серікгүл	ф.ғ.д. проф. (Қазақстан)
Султанов Казбек	ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Тәжібаева Сәуле	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хисамитдинова Фирдаус	ф.ғ.д., проф. (РФ, Башқұртстан)
Чернявская Валерия	ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Шәріп Амантай	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Шәріпова Гүлбану	ф.ғ.к., қауымд. проф. (Қазақстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Түркия)
Янковский Генрих	PhD, проф. (Польша)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Сатпаев к-сі, 2, 408 б.
Тел.: (7172) 709-500 (ішкі 31413)
E-mail: vest_phil@enu.kz

Жауапты редактор, компьютерде беттеген І.Р. Құрманғалиев

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы

Меншіктенуші: ҚР БжҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК

ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27.03.2018 ж. №16996-Ж тіркеу куәлігімен тіркелген.

Мерзімділігі: жылына 4 рет.

Тиражы: 40 дана

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қажымұқан к-сі, 12/1, тел.: (7172)709-500 (ішкі 31413)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Главный редактор **Дихан Камзабекулы**
доктор филологических наук, проф. (Казахстан)

Зам. главного редактора **Шолпан Жаркынбекова**
доктор филологических наук, проф. (Казахстан)

Редакционная коллегия

Аскероглы Рамиз	д.ф.н., проф. (Эзербайжан)
Акматалиев Абдылдажан	д.ф.н., проф. (Киргизстан)
Бахтикиреева Улданай	д.ф.н., проф. (Россия)
Беженару Людмила	д.ф.н., проф. (Румыния)
Бейсенбаева Жанаргуль	к.ф.н., ассос. проф. (Казахстан)
Бижкенова Айгуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жакыпов Жантас	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жан Динжин	PhD, проф. (Китай)
Журавлева Евгения	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ескеева Магрипа	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ержласун Гульжанат	PhD, ассос. проф. (Турция)
Каскабасов Сейит	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Негимов Серик	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нургали Кадиша	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нуриева Фануза	д.ф.н., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	д.ф.н., проф. (Германия)
Рахманов Насимхон	д.ф.н., проф. (Узбекистан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (США)
Сатенова Серикгуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Султанов Казбек	д.ф.н., проф. (Россия)
Тажибаева Сауле	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Хисамитдинова Фирдаус	д.ф.н., проф. (РФ, Башкортостан)
Чернявская Валерия	д.ф.н., проф. (Россия)
Шарип Амантай	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Шарипова Гульбану	к.ф.н., ассос. проф. (Казахстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Турция)
Янковский Хенрих	PhD, проф. (Польша)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Сатпаева, 2, каб. 408
Тел.: (7172) 709-500 (вн. 31413)
E-mail: vest_phil@enu.kz

Ответственный редактор, компьютерная верстка И.Р. Курмангалиев

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ФИЛОЛОГИЯ
Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК
Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций РК под номером №16996-Ж от 27.03.2018г.
Периодичность: 4 раза в год
Тираж: 40 экземпляров
Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Кажимукана, 12/1, тел.: (7172)709-500 (вн.31413)

Editor-in-Chief **Dihan Kamzabekuly**
Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Deputy Editor-in-Chief **Zharkynbekova Sholpan**
Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial board

Asker ogly Ramiz	Doctor of philology, Prof. (Azerbaijan)
Akmataliyev Abdildajan	Doctor of philology, Prof. (Kyrgyzstan)
Bakhtikireeva Uldanai	Doctor of philology, Prof (Russia)
Beisenbayeva Zhanargul	Can. of philology, assos. Prof (Kazakhstan)
Bezhenaru Lyudmila	Doctor of philology, Prof (Romania)
Bizhkenova Aigul	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Chernyavskaya Valeriya	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Erzhiasun Güljanat	PhD, assos. Prof (Turkey)
Yeskeyeva Magripa	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Henryk Jankowski	PhD, Prof. (Poland)
Kaskabassov Seit	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Khisamitdinova Firdaus	Doctor of philology, Prof. (RF, Bashkortostan)
Metin Ekiji	PhD, Prof. (Turkey)
Negimov Serik	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurgali Kadisha	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurieva Fanuza	Doctor of philology, Prof. (RF, Tatarstan)
Reichl Karl	Doctor of philology, Prof. (Germany)
Rakhmanov Nasimhon	Doctor of philology, Prof. (Uzbekistan)
Rivers William Patrick	PhD, Prof. (USA)
Satenova Serikkul	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Sultanov Kazbek	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Sharip Amantaj	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Sharipova Gulbanu	Can. of philology, assos. Prof. (Kazakhstan)
Tazhybayeva Saule	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhakypov Zhantas	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhang Dingjing	PhD, Prof. (China)
Zhuravleva Yevgeniya	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial address: 2, Satpayev str., of.408, Astana, Kazakhstan, 010008
Tel.: (7172) 709-500 (ext. 31413)
E-mail: vest_phil@enu.kz

Executive editor, computer layout: I.R. Kurmangalyev

Bulletin of the L.N.Gumilyov Eurasian National University PHILOLOGY Series

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan
Registered by Ministry of information and communication of Republic of Kazakhstan. Registration certificate No 16996-Ж from 27.03.2018

Periodicity: 4 times a year Circulation: 40 copies

Address of printing house: 12/1 Kazhimukan str., Astana, Kazakhstan 010008; tel.: (7172) 709-500 (ext.31413)

© L.N.Gumilyov Eurasian National University

Мазмұны

<i>Абдыханова Б.А., Нергиз Бирай</i> Интертекстуалдылық теориясы мен прецедентті құбылыс арасындағы байланыс	8
<i>Аймолдина Ә.А.</i> Искерлік дискурс зерттеудің әлеуметтік және когнитивтік аспектіліктерінің қатынастары	14
<i>Алефиренко Н.Ф., Нұртазина М.Б.</i> Тіл ғылымындағы қазіргі заманғы үрдістер: ғылыми зерттеулердің векторлары	20
<i>Гауриева Г.М., Кадырова Е.Б.</i> Лексикалық құзыреттілікті қалыптастыруда ағылшын тілі сабағында ой-талқыларды қолдану	32
<i>Жапанова М.Е.</i> Әбдіжәміл Нұрпейісовтың «Қан мен тер» романындағы иіс-жады ұстанымдарының көркемдік ерекшелігі	37
<i>Жұмсақбаев А.Т.</i> Джон Толкиеннің «Сақиналардың патшасы» трилогиясының жанрлық құбылысы	46
<i>Жұматаев Е.</i> Әдеби тіл мен әлеуметтік желі: тіл бәсекелестігі мен әдеби тілдің қазіргі сипаты	50
<i>Зилинька М.Н.</i> Шыңғыс Айтматовтың шығармаларындағы фразеологизмдерді аударудың ерекшеліктері	58
<i>Қадысқызы А., Хасенова Р.Т., Құлахметова Ж.Т.</i> Қазақстандағы оралмандар және олардың әлеуметтік-мәдени бейімделуі	64
<i>Қасымова Ә.Ә.</i> Қазақ және түрік тілдеріндегі қоштасу этикетіне қатысты қалып сөздердің лингво-мәдени сипаты	71
<i>Латанова Р.У., Заркешеева А.Е., Хамитова А.Ф.</i> Қазақстандық жоғары оқу орындары студенттеріне ағылшын тілін үйретуде Action Research әдісін енгізу жолы	76
<i>Мейрамбекова Л.К., Сейтова Ш.Б., Есенғалиева А.М.</i> Бір буынды түбір етістіктің «қыпшақтық» корпусындағы вокализм жүйесінде салыстырмалы сипаттамасы ..	81
<i>Матбек Н.Қ., Садықова Р.К.</i> Ноғай әдеби тілінің қалыптасуы	88
<i>Мырзағалиева Т.Е., Шәріпова Г.А.</i> Құран поэтологиясындағы орыс универсумы ..	95
<i>Нұртазина М.Б., Амрина З.Ж.</i> Білім берудегі «Polycultural World» жүйесін қамтамасыз етуге арналған кәсіби лингвистика	105
<i>Оразбаева Э.С.</i> Онкологиялық терминдерді талдау және аудару	112
<i>Өтелбай Г. Т.</i> «Кемпіркосақ» баламасының туыс және шет тілдердегі ұқсастығы мен ерекшелігі	119
<i>Садықова А. Т., Қабдырашева Б. Н.</i> І. Есенберлин шығармаларындағы тарихи тұлғалар бейнесі	125
<i>Сейтова Ш.Б.</i> Кейбір этноатаулардың ақпараттық уәжі (Шығыс Қазақстан аймағы материалдары негізінде)	132
<i>Сәдуақасұлы Ж., Махамбетова А.</i> Қазақ тіл білімінде лепті сөйлемдердің зерттелу жайы	138
<i>Симбаева С.О., Қайыпбаева М. М.</i> Тілді аудармасыз оқыту және тілдің фонетикалық интерпритациясы	143
<i>Шәріпова Г.А.</i> Исламдық мәдени универсиумы	147
<i>Шәріп А.Ж.</i> Хүсейін Жавид және XX ғасыр басындағы қазақ поэзиясы: рухани ізденістер мен көркемдік ерекшеліктер	151
<i>Шоқабаетова С.С.</i> Сөзжасамның фонетикамен байланысы туралы	162

Содержание

<i>Абдыханова Б.А., Нергиз Бирай</i> Взаимосвязь прецедентных текстов и интертекстуальности	8
<i>Аймолдина А.А.</i> Взаимосвязь социальных и когнитивных аспектов изучения делового дискурса	14
<i>Алефиренко Н.Ф., Нуртазина М.Б.</i> Современные тенденции в науке о языке: векторы научного поиска	20
<i>Гауриева Г.М., Кадырова Е.Б.</i> Использование мозгового штурма для формирования лексической компетентности на уроках английского языка	32
<i>Жапанова М.Е.</i> Художественные особенности памяти запаха в романе Абдижамиля Нурпеисова «Кровь и пот»	37
<i>Жумсакбаев А.Т.</i> Жанровая феноменальность трилогии Джона Толкиена «Властелин колец»	46
<i>Жуматаев Е.</i> Литературный язык и социальные сети: конкурентоспособность и современность казахского языка	50
<i>Зилинька М.Н.</i> Особенности перевода фразеологизмов в произведениях Чингиза Айтматова	58
<i>Кадыскызы А., Хасенова Р.Т., Кулахметова Ж.Т.</i> Оралманы в Казахстане и их социально-культурная адаптация	64
<i>Касымова А.А.</i> Лингво-культурологический анализ лингвистических единиц, связанных с этикой прощания казахского и турецкого языков	71
<i>Латанова Р.У., Заркешева А., Хамитова А.Г.</i> Пути внедрения Action Research в обучении английскому языку студентов высших учебных заведений в Казахстане.....	76
<i>Мейрамбекова Л.К., Сейтова Ш.Б., Есенгалиева А.М.</i> Сравнительно-сопоставительная характеристика односложных глаголов в системе вокализма языков кипчакской группы	81
<i>Матбек Н.К., Садыкова Р.К.</i> Формирование ногайского литературного языка.....	88
<i>Мурзагалиева Т.Е., Шарипова Г.А.</i> Русский универсум коранической поэтологии.....	95
<i>Нуртазина М.Б., Амрина З.Ж.</i> Polycultural World: Компетентный подход в профессиональной лингвистике для образования	105
<i>Оразбаева Э.С.</i> Анализ и перевод онкологических терминов	112
<i>Отелбай Г. Т.</i> Аналогия и особенность эквивалента «Кемпірқосак» у родственных и иностранных языков	119
<i>Садыкова А.Т., Кабдырашева Б.Н.</i> Образ исторических личностей в творчестве И.Есенберлина	125
<i>Сейтова Ш.Б.</i> Информационное содержание некоторых этнонаименований	132
<i>Садуакасулы Ж., Махамбетова А.</i> Обстоятельства исследования восклицательных предложений казахского языка	138
<i>Симбаева С., Кайытбаева М.М.</i> Обучение языка без перевода и фонетическая интерпретация языка	143
<i>Шарипова Г.А.</i> Исламский универсум культуры	147
<i>Шарип А.Ж.</i> Гусейн Джавид и казахская поэзия начала XX века: духовные искания и художественные особенности	151
<i>Шокабаева С.С.</i> О связи словообразования с фонетикой	162

Contents

<i>Abdyhanova B.A., Nergiz Biraj</i> Interrelation of precedent texts and intertextuality	8
<i>Aimoldina A.A.</i> Interconnection of Social and Cognitive Aspects in Business Discourse Studying	14
<i>Alefrenko N.F., Nurtazina M.B.</i> Modern trends in the science of language: vectors of scientific research	20
<i>Gauriyeva G.M., Kadyrova Ye.B.</i> Use of brainstorming for the formation of lexical competence in English class	32
<i>Japanova M.E.</i> Artistic features of the memory of the smell in the novel «Blood and Sweat» by Abdizhamil Nurpeisov	37
<i>Zhumsakbayev A.T.</i> Genre's phenomenon of John Tolkien's trilogy «The Lord of the Rings»	46
<i>Zhumataev E.</i> Analysis of the translation into the Kazakh language interjections in the piece	50
<i>Zilinka M.N.</i> The peculiarities of phraseological units translation in book's of Chingiz Aitmatov	58
<i>Kadyskyzy A., Khassenova R. T., Kulakhmetova Zh.T.</i> Oralman in Kazakhstan and their Socio-Cultural Adaptation	64
<i>Kasymova A.A.</i> Linguistic and Cultural Analysis of Linguistic Units Associated with Ethics of Farewell to Kazakh and Turkish Languages	71
<i>Latanova R.U., Zarkesheva A.E., Khamitova A.G.</i> The ways of planning action research in teaching english for students in higher schools of Kazakhstan	76
<i>Meirambekova L.K., Seitova Sh. B., Esengalieva A.M.</i> Comparative characteristic of monosyllabic verbs in the vocalism system of the languages of the Kipchak group	81
<i>Matbek N.K., Sadykova R.K.</i> Formation of Nogai literary language	88
<i>Murzagaliyeva T.E. , Sharipova G.A.</i> Russian Universum of Quranic Poetology.....	95
<i>Nurtazina M.B., Amrina Z.Zh.</i> Polycultural World: a competent approach in professional Linguistic for education	105
<i>Orazbayeva E.S.</i> Analysis and translation of cancer terms	112
<i>Otelbay G. T.</i> The analogy and peculiarity of the «Кемпірқосақ» alternative in relatives and foreign languages	119
<i>Sadykova A.T., Kabdyrasheva B.N.</i> The image of historical personalities in the creative work of I.Esenberlin	125
<i>Seitova Sh. B.</i> Informational motives of some ethnonyms	132
<i>Saduakasuly Zh., Makhambetova A.</i> The study of exclamatory sentences of the kazakh language	138
<i>Simbaeva S.O. Kaiypbayeva M. M.</i> Phonetic interpretation of the language without translation	143
<i>Sharipova G.A.</i> Islamic Universum of Culture	147
<i>Sharip A.Zh.</i> Hussain Jawid and Kazakh poetry of early 20th century: spiritual quest and artistic features	151
<i>Shokabayeva S.</i> Connection of word-formation with phones	162

А.Т. Жұмсақбаев

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
Джон Толкиеннің «Сақиналардың патшасы» трилогиясының жанрлық құбылыс

Аңдатпа. Берілген мақалада Джон Рональд Толкиеннің «Сақиналардың патшасы» атты шығармасының жанрлық табиғаты қарастырылады. Бұл фэнтези шығармаға көптеген жанр түрлері қосылған, сонын ішінде фольклорлық пен әдеби жанрлар (халық және әдеби ертегілері, батырлар жыры, мифтер, аңыздар). Яғни, саналы және саналы емес әдеби фикциялардың барлық жанрлары тұспалданады. Зерттеу жұмысы бұл шығарманың жанрлық табиғаты феноменалдық екенін көрсетеді. Бұл шығарма басқаша ойлау мен ескінінің араласуын талап ететін, әдебиетте өз орны бар жаңа туынды болып есептеледі.

Түйін сөздер: фэнтези, жанр, «Сақиналардың патшасы», Толкиен

A.T. Zhumsakbayev

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan
Genre's phenomenon of John Tolkien's trilogy «The Lord of the Rings»

Abstract. This article scrutinizes the genre's nature of John Ronald Tolkien's novel «The Lord of the Rings». This fantasy creation includes a huge range of folklore and literary genres (folk and literary tales, heroic epics, myths, legends). In other words, all genres of conscious and unconscious artistic fiction are meant. Research shows that the genre's nature of this work is phenomenal. Most likely - it's new, as a rethinking and mixing of the old, already firmly taken its place in the literature.

Key words: fantasy, genre, «The Lord of the Rings», Tolkien

References

- 1 Gubaylovskiy V.A. Obosnovanie schastyia: O prirode fentezi i pervootkryvatele zhanra [Justification of Happiness: On the Nature of Fantasy and the Pioneer of the Genre], *Novyj mir*. 2002. №3. S. 174.
- 2 Mamaeva N.N. Eto ne fentezi! (K voprosu o zhanre proizvedeniy Dzh. R.R. Tolkina) [This is not fantasy! (On the genre of works by JRR Tolkien)], *Izvestiya Uralskogo gosudarstvennogo universiteta*. 2001. № 21.
- 3 Grigoreva N.O. O zakonah volshebnogo mira [On the laws of the magical world // The Moscow Hobbit], *Moskovskiy hobbit*. 1988. S. 270.
- 4 Koshelev S.L. Filosofskaya fantastika v sovremennoy angliyskoy literature: avtoref. dis. na soisk. uchen. step. kand. filol. nauk. [Philosophical fiction in contemporary English literature: author's abstract. dis. to the soisk. scientist. step. Cand. philol. science] (MGPI, Moskova, 1983. 16 s.).
- 5 Kabakov R.I. Povelitel kolec Dzh. R.R. Tolkiena: epos ili roman? [Elektronnyj_resurs] [The Lord of the rings of JRR Tolkien: an epic or a novel?], *Arhivny Minas-Tirita*. L., 1988. URL: <http://www.kulichki.com/tolkien/arhiv/manuscr/kabako88.shtml>

Автор туралы мәлімет:

Жұмсақбаев А.Т. - педагогика ғылымдарының магистрі, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің оқытушысы, Астана, Қазақстан.

Zhaksakbaev A.T. - Master of Pedagogical Sciences, Lecturer of the L.N. Gumilyov Eurasian National University.

МРНТИ 16.21.51

Е. Жұматаев

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: Jumataev_e@mail.ru)

Әдеби тіл мен әлеуметтік желі: тіл бәсекелестігі мен әдеби тілдің қазіргі сипаты

Аңдатпа. Қазақ тілінің сөз мәдениетін көтеру – ұлттық мүдде талаптарының бірі. Қазақ тіл мәдениетінің үлкен бір саласы – сөйлеу және жазу мәдениеті, оны жоғары деңгейге көтерудің басты заңдылығы – дұрыс айту және қатесіз жазу нормасы. Технологияның

өркендеген заманында әлеуметтік желілердің тіл мәдениетін дамытудағы әсері қазақ тіл білімінде жан-жақты зерттелуі тиіс. Бүгінгі күні әлеуметтік желілер ғаламтор тұтынушыларының ажырамас сенімді серігіне айналып үлгерді. Сан түрлі тақырыпты қозғау үшін де, әртүрлі заттарға жарнама жасау үшін де, тіпті толғандырған мәселе жөнінде көпшіліктің ойын білу мақсатында көпшілік осы желілердің көмегіне жүгінетіні белгілі. Еліміздегі ең белсенді әрі кең тараған «Вконтакте», «Instagram», «Facebook», «Twitter», «WhatsApp» және т.б. әлеуметтік желі пайдаланушыларының көбейгені соның бір дәлелі.

Түйін сөздер: интернет, ғаламтор, ана тілі, әлеуметтік желі, әдеби тіл, сөз мәдениеті, рухани мәдениет, бәсекелестік, ұлттық мүдде.

Кіріспе. Ғаламтор жүйесі өмірімізге енбей тұрған кезге дейін жарық көріп жатқан кітап, баспа өнімдері редактор, корректор мамандарының қырағы көзінен өтетін. Ол тіл тазалығының сақталуына айтарлықтай әсер ететін. Әрбір сөздің өз орнында тұруы, грамматикалық, стилистикалық талаптарға сай келуі маңызды екені айтпасақ та түсінікті. Әлеуметтік желілердегі жеке жазбаларға редакторлық, корректорлық жұмыстар жасалмайтыны белгілі. Бұл тікелей әр адамның сөзге деген өз талғамына байланысты. Шынтуайтына келгенде, желі пайдаланушылардың тілді пайдалану мәдениеті де сан қилы. Мұндайда тілге деген жауапсыздық та қылаң бермей тұрмайды. Бүгінгі мақаламызда осы мәселе төңірегінде ой қозғап көрсек.

Белгілі тілші-ғалым Мәулен Балақаев: «Ана тілін жақсы білу – әркімнің азаматтық борышы. Егер әрбір сөзді орнымен жұмсай біліп, айтқан ойы мазмұнды, нысанаға дәл тиетіндей ұғымды шығып, тындаушысын баурап алардай әсерлі болса, ана тілінің құдіреті сонда анық сезілер еді. Ал мұндай шеберлік тек тіл мәдениеті жоғары адамдардың ғана қолынан келер жайт» деген (1, 11 б.). Осы сөзге ден қойсақ, академиктің бұл пікірі, әрине, ауызша және жазбаша сөз қолданушыларға да тікелей қатысы бар.

2018 жылдың 18 қаңтарында Орталық коммуникациялар қызметінде Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты (KAZISS) ұйымдастырған «2018-Жолдаудың стратегиялық міндеттері: жаңа мүмкіндіктер» тақырыбында баспасөз конференциясы өтті. Іс-шараға Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының жетекші сарапшылары, экономистер, әлеуметтанушылар, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдары қатысты.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауында ел дамуының 10 негізгі міндеттері айқындалған. Бұл Жолдау Төртінші өнеркәсіптік революция әлемінде табысты жүру мен бейімделуге арналған бағдарлар берумен қатар, қазақ тілін өркендету мен дамытудың негізгі қадамдарын да айқындап берді.

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев жастарды әлеуметтік желілерде көп отырмауға шақырды. Президенттің айтуынша, нағыз досты ғаламтордан іздеп, әуре болудың қажеті жоқ. «Твиттерде» немесе басқа да әлеуметтік желілерде отырып, уақыттарыңды босқа ысырап етпендер. Ең дұрысы өз араларыңда көп әңгіме-дүкен құрындар. Өйткені, нағыз дос ғаламторда емес, жаныңда жүргенін ұмытпа. Бүгінгі қоғамда адамдарды кітап оқитындар мен компьютерде отырып, уақыт өткізетіндер деп екі топқа бөлуге болады. Компьютерде отыратындар өмір бойы кітап оқитындарға қызмет етіп өтеді», - деді. [1, 13 б.]

Әлеуметтік желі тарихы. 1970-ші жылдардың соңында адамдар бір-бірімен әңгімелесе алатын алғашқы электронды хабарландыру тақталары пайда бола бастады. Әрине, сол кезде бүгінгідей ыңғайлы болған жоқ, бірақ адамдарды ғаламторда біріктірудің бұл алғашқы қадамдары еді. Келесі кезең, алғашқы «on-line» сервистердің пайда болуы еді. Әңгімелесуге арналған чатты жасаған 1компания «CompuServe» болды. Сервисте әңгімелесудің бір сағатына 30 доллар төлеу керек еді, бұл осы компанияның негізгі кемшілігі еді.

Кейін жедел хабарламалар жүйесі пайда болып, файлдарды жіберетін және чаттағы жедел әңгімелесудің бірінші сервисі, 1988 жылы «MultiUser Talk» программасын алмастырған IRC (Internet Relay Chat) болды. 1991 жылғы «Шөлдегі дауыл» әскери операциясын «on-line» режимінде бүкіл әлемнен келген хабарламалар трансляциясынан кейін «IRC»-дің кең танымал болды. «IRC»-дің негізгі кемшілігі — шектеулі қолдану болды.

1990 жылдардың ортасында «ICQ» құрылды, ол жеке компьютерлерге арналған жедел хабарламалар жеткізудің бірінші жүйесі болды. «ICQ»-дің негізін «Mirabilis» компаниясы қалады. Бүгінгі таңда ICQ – «Mail.Ru Group»-тың құрамына кіреді, 2012 жылдың наурыздағы көрсеткіш бойынша әлем бойынша 23.4 млн. қолданушысы бар. Әлеуметтік желілердің құрылуына келсек. Әлеуметтік желілердің пайда болуының басты себебі, ол әрине, адамдардың бір-бірімен әңгімелесуді қалауы. Бұрындары адамдар әңгімелесу үшін бір-бірімен кездесетін. Ер жігіт қызбен танысқысы келсе, көшеде танысып, серуендеуге шақыратын, киноға, театрға апаратын. Ал бүгінгі күні жастар қалай танысады? Таныс емес адамдарды, әлеуметтік желідегі парақшасына қосып танысады. Интернеттің пайда болуымен және таралуымен барлығы өзгере бастады. Достарыңмен тілдесу виртуалды әлемге көше бастады. Бұл дұрыс па, бұрыс па, әркім өзі шешеді. Соңғы кездері адамдар бетпе-бет кездесуден гөрі әлеуметтік желілерде тілдесуді қалайды.

Интернеттегі әлеуметтік желінің бірінші аналогі 1995 жылы Рэнди Конрадс іске қосқан «Classmates» болып табылады. Сайттың аудармасы «Сыныптастар». Сайттың мақсаты, сыныптастарды және мектептегі достарды табуға мүмкіндік жасау. Бастапқыда сайт танымал емес еді, өйткені профильді жасау және достарды қосу функциялары болмады. Ал сайт қолданушылары тек білім беру мекемелерінің және сонда оқыған оқушылардың тізімін ғана көре алатын. «Classmates» әлеуметтік желілердің пайда болуына түрткі болды. Жоба нәтижелі болды, және де өз иелеріне табыс әкелді. Осыған қызығушылықпен қараған басқа адамдар өз әлеуметтік желілерін ойлап табуға кірісті. Бүгінгі күні сайт өз жұмысын жалғастыруда. Әлем бойынша сайттың қолданушылар саны 50 млн. Бүгінгі күні, біздің түсінігіміздегі бірінші толыққанды әлеуметтік желіні Эндрю Вейнрейх 1997 жылы іске қосқан «SixDegrees»-деп аталды.

Келесі әлеуметтік желілер «AsianAvenue», «MiGente», «BlackPlanet» 1997 және 1999 жылдары аралығында пайда болды. Функционалдығы жағынан алдындағылардан қатты өзгешелік болмады. 1999 жылдың 18 наурызында америкалық студент-программист Брэд Фицпатрик «жанды журнал» — Livejournal-ды құрды. Ол ТМД елдерінде кең танымал болды. «Livejournal» бірінші болып топтарды құрып, хат алмасу мүмкіндігін еңгізді. Осыны біз бүгін барлық әлеуметтік желілерден байқай аламыз.

2004 жылы Марк Цукерберг «TheFacebook» әлеуметтік желісінің негізін қалады. 2005 жылдан бұл желі «Facebook» деп атала бастады. 2008 жылы «Facebook» әлеуметтік желісі әлемдегі ең танымал әлеуметтік желіге айналды, және де бүгінгі күнге дейін көштің басында. Бүгінгі күні «Facebook» әлем бойынша «Google»-дан кейін ең көп танымалдылыққа ие екінші интернет сайт.

2006 жылы Джек Дорси — «Twitter» жобасын іске қосты. Ол тез дамып келе жатқан жаңа әлеуметтік желіге айналды. «Twitter»-дің ерекшелігі, тек 140 символдан ғана тұратын хабарлама жаза аласыз. 2010 жылдан бастап сайттан видео, фото көруге мүмкіндіктері пайда болды. Бүгінгі таңда «Twitter» әлем бойынша ең көп қаралатын сайттардың 10-на кіреді. Әлеуметтік жүйелердің пайдасы мен зияны. Қазақтың көрнекті ағартушы-педагогы Ыбырай Алтынсариннің «Өнер-білім бар жұрттар» атты өлеңінде:

Айшылық алыс жерлерден, Жылдам хабар алғызды, – деп келетін жолдары бар.

Рас, қазір үйде отырып-ақ әлемнің кез келген түкпіріндегі адаммен әп-сәтте хабарласа аласыз. Байланыстың түрі де көп. Телефонмен, интернет арқылы, тіпті бейнебайланыс арқылы өзімен тікелей сөйлесе бересіз. Бұл бүгінгі технологияның адамзатқа сыйлап отыр-

ған мүмкіндігі. «Бұрын ұялы телефон, интернет болмаған кезде адамдар қалай өмір сүрген а?!» деп таңданып қоятынымыз бар. Иә, жұмысымызды жеңілдеткен технологияның мүмкіндіктері мол. Бірақ біз олардың көлеңкелі тұсына мән бермей жүрміз.

Ұялы телефонның зияны жайында көп айтылып келеді. Жиі қолданатын адамды ми ісігіне ұшыратуы мүмкін деген сияқты қорқынышты мәліметтерді ғалымдар алға тартуда. Ал интернеттен келетін қауіп – одан да қорқынышты.

Қазіргі таңда интернет жастардың басты ермегіне айналды. Кез келген уақытта, кез келген жерде қосылып алып, өз алдына виртуалды әлемде жүретіндер көбейді. Сөздің, достың қадірі жоғалып барады. Әлеуметтік желілерде байланыс орнатудың түрі көбейген сайын оған қызыға түскендердің қатары артуда. Әлеуметтік желіде мың досы бар жандардың шынайы өмірде сыр бөлісе алатын жалғыз жолдасы да жоқ. Оған өкінбейтіндері де кем емес. Виртуалды әлемді өзі танымайтын, өзі көрмеген досының мақтауына семіріп, өзін керемет жан сезінетіндер жұртпен араласудан қалып барады. Қалай сөйлесу керектігін де ұмыта бастағандай.

Әлеуметтік желі деген де ауру-дың бір түріне айналып бара жатқан секілді. Көбінесе жастар ешкім кедергі келтірмесін деген оймен интернетке, әлеуметтік желіге түнде көбірек қосылады. Соның салдары-нан күндіз меңіреу, селқос жанның күйіне түседі. Ұйқысы қанбай, күн тәртібі бұзылады. Уақтылы тамақтануға, жеке гигиенаға көңіл бөлуге де уақыт жетпейді. Интернетке бір күн қосылмай қалса, әлемнің үлкен жаңалығынан құр қалғандай мазасыздана бастайды, тіпті қолы немесе аяғы жоқ жарымжан адамдай күйге түседі. Әрине, көпшілігі компьютер немесе ұялы телефонға ұзақ телмірудің денсаулыққа зиян екенін біледі. Бірақ оны қолданудан бас тартатындары өте сирек. Керісінше, интернетке тәуелділік артып барады.

Әлеуметтік желіге тіркелгендер көп жағдайда өзі туралы мәліметті ашық жаза береді. Иә, интернет – қауіпті. Жеке азаматтарға төніп тұрған қауіп өз алдына, бір ғана адам бір мемлекеттің тағдырына ықпал ете алады. Мысалы, Мысырдағы бас көтерулерге қатысы бар деген айыппен Google компаниясының топ-менеджері Ваэль Гоним тұтқындалған. Әлеуметтік желіде бас көтеруге шақыратын парақша ашып, толқуларға ықпал еткенін оның өзі де мойындаған. Бұл айыптының анықталғаны.

Өкінішке қарай, интернетке қосылудың түрлі тәсілі пайда болған бүгінгі күнде арандатушылық бағытта парақша ашқандарды қолға түсіру немесе оларға шектеу қою оңай шаруа емес. Арам ойын асырғысы келгендер кез келген нүктеден қосылып, ойына келген сөзді әлеуметтік желілер арқылы таратып жіберуі мүмкін. Ізін жасыру үшін бөтен адамның атымен тіркелу, біреудің құпиясөзін бұзып кіру, бақылау орнатылмаған интернет орталықтарынан қосылу секілді тәсілдерге жүгінеді.

Мына бір дерекке қараңыз: Сирияда әскери шиеленістерге қатысқан сарбаздардың 2 мыңнан астамын олар әлеуметтік желі арқылы түрлі елдерден жинап алған екен. Өкініштісі сол, оның ішінде қандастарымыз да бар көрінеді. 2013 жылдың қазан айында «YouTube» сайтында Сирияға жиһадқа барған қазақтар екенін мәлімдеп отырған адамдар жайында бейнеролик жарық көрді. «Шам жеріне жиһадқа келдік» дейді олар. Олар расымен Қазақстан азаматтары ма? Сирияға бүкіл отбасыларымен қалай өтіп кетіп жүр? Бұл сұрақтар жауапсыз қалды. ҚР Сыртқы істер министрлігі Сирияда түсіріліп алынған және интернет желілерінде таратылған бейнематериалдардағы адамдардың Қазақстан азаматтығына қатысы бар екенін растаған жоқ, теріске де шығармады. Әлеуметтік желіні кім қалай пайдаланамын десе, өз еркі. Оған ешкім шектеу қоя алмайды. Әйтсе де, «таяқтың екі ұшы бар» демекші, оның пайдасы да, зияны да бар.

Зерттеудің өзектілігі. Әлеуметтік желі - бұл тек адамдарды бір-бірімен байланыстыратын веб-сайт қана емес, сонымен қатар жастар мәдениетін дамытатын құрал. Әлеуметтік желіде байланыс жасау үшін әрине бізге ең алдымен интернет керек. Ал интернетке

қосылу дегеніміз - басқа жерлерде тұрған мыңдаған компьютерлік жүйелермен байланысу деген сөз. Ұлыбританияның зерттеу компаниясының мәлімдеуінше, бүкіл әлемде әлеуметтік желі қолданатын азаматтардың 47 пайызы оған ұялы телефон арқылы кіреді. Қазір кез келген ұялы телефонда әлеуметтік желілерге қосылу үшін қосымша бағдарламалар орнатылатын болды. Ал интернеттегі әлеуметтік желілердің қолданушыларының орта жасы 7-ден 48-ге дейін болып отыр.

Әлеуметтік желі тақырыбы түрлі ғылым салаларын ойландырып отыр десек қателеспейміз. Әлеуметтік желі және ондағы қауіпсіздік мәселелері дәрігер мамандарын да алаңдатады. Миға, көзге әсері жайында талқыланады. Психологтар психология тұрғысынан, дінтанушылар дін тұрғысынан, әлеуметтанушылар отбасыға әсерін өз көзқарас тұрғысынан қарастырады. Әр зерттеуші олардың пайдасы мен зиян жақтарын саралап, мәселенің шешу механизмдерін ұсынады.

Негізгі бөлім. Оқушылар қазіргі таңда көркем шығарманы аз оқиды деген тұжырымдар ұстаздар қауымын алаңдататын проблемалар. «Көбі ауызекі тілде қолданылатын сөздермен сөйлейді. Әдеби тілді білмейді, сөздердің айтылу ережесін сақтамайды. Мектеп оқушыларының тілі шұбар, сөздік қоры жұтаң, – деп дабыл қағады ұстаздар. [2. 156 б.]

Қазір жасөспірімдер жаргон сөздерді көп қолданады әрі бір тілде таза сөйлей алмайды. Орыс тілінде сөйлесе қазақ сөздерін, ал қазақ тілінде сөйлесе керісінше орыс сөздерін араластырады. Қарапайым ғана мысал ретінде төмендегі диалогты келтіріп көрейік.

I-түрі

- Сәлем досым, хал қалай?
- Шүкір жақсы, өзің қалайсың?
- Бүгінгі кешке дайындығың қалай?
- Ата-анам жұмыстан келгесін баратын болдым.
- Жарайды, ендеше кешікпе, күтеміз!
- Кездескенше!

II- түрі

- Салам кент каксын
- тема озин
- тема гой че там кешке неистейсин келесинба
- проблема кеш барам
- дывай кешикпе ждем

Зейін салып саралап қарасақ, диалог жасаушы екі адамның сауаттылығы мен мәдениет деңгейін байқай аламыз. Сіздің ойыңызша қай сөйлесушілердің қарым қатынасқа түсуі көңіл толтырады? Әрине, бірінші. Неге дейсіздер ғой, себебі, көзге тартымды, ықыласпен жауап бергің келіп тұрады. Тыныс белгісі қойылған, түсінікті.

Сонымен әлеуметтік желі пайдаланушылардың мәдениеті арқылы біз жалпы қазақ жастарының мәдениетін көре аламыз. Әсіресе mail.ru, контакт сайтында көп отыратын жастар интернеттің неге керек, мәні неде екенін саналы түрде ұғынуы тиіс. Ал ғаламторды дұрыс пайдалана білу, ол - үлкен білім көзі.

Жастардың сөздік қорында әдеби тілмен сөйлейтін адамға түсініксіз сөздер мен сөйлемдер көп. Олар сленг сөздерін ауызекі тілде ғана қолданбай, әлеуметтік желілерге де енгізіп жатыр. Жастардың жазбаша «жаңа тілі» мен әлеуметтік желілердегі постарында қаптап жүрген қателерге баспасөз саласының маманы ретінде алаңдаймын. Мектеп оқушылары жиі қолданатын орысша жаргон сөздер: кореш (дос), кент (сәнқой жігіт), ма-реха (қыз бала), дранка (жеңіл жүрісті қыз), синяк (маскүнем), нарик (наркоман), кладовка (сөз тасушы), тыркатся (сенделіп бос жүру), ботать (сәнді жаргон тілінде сөйлеу), чайники

(әке-шеше). Тілдің көркемдік стилі жоғалып барады. Ал кейбіреулер тіл тазалығына қатысты «әлеуметтік желілердегі сленг сөздердің тілімізге енуі заңдылық, тіл пайда болған әлеуметтік құбылыстарға үнемі бейімделіп отырады, бірақ жаңа сөздердің бәрі бірдей қолданысқа ене бермейді» деген уәж айтады.

«Балалар көбінесе интернет пен телефон арқылы сөйлеседі. Әлем классиктерінің шығармаларын білмейді. Соның кесірінен балалар орфография мен жалпы грамматиканы нашар меңгереді» деген пікір кәсіби қазақ тілі жойылып кету қауіпін тудырады. Өйткені әлеуметтік желілер адамды мәдениетті сөйлеу ғана емес, мәдениетті ойлау мүмкіндігінен де айырады. Бұл әсіресе оқушылардың шығарма, диктант жазған сәтінде байқалады.

Жазушы Ә. Әбішев бұл туралы былай дейді: «Жастар ізденбейді, ағаларын оқымайды, олар қазақ әдебиетін оқымайды... Жастар сөйлемді әдейі бұзып жазады, олар ерекшеліктің белгісі түсініксіз жазу деп ойлайды... Тіл мәдениетінің төмен болуына ғылыми-техникалық прогрестің де әсері бар», - дейді [3. 87 б.].

Иә, расымен қазіргі заманның сәні мен әніне айналған әлеуметтік желі біз үшін қаншалықты қажет, сауаттылық, тіл тазалығы мәселелері қаншалықты шешімін тауып жүр?

Кезінде ең бай, оралымды тіл деп бағаланған қазақ тілі замана ағымымен бірге жүріп, байырғы белгі-таңбаларынан нені сақтап, нені жоғалтты деген сауалдарға жауап іздеп, дәстүрлік пен даралықтың ара қатынасын, өткен мен бүгінгі арасындағы жанды байланысты зерделеу бұл қазақ деп соққан жүрегі бар әрбір азамат үшін міндет деп ойлаймын. Заманауи деп танылған интернет торабының қазақ тілінің тазалығын сақтаудағы әсері мен ықпалы қандай деген мәселелер толғандыруы тиіс.

Түрлі әлеуметтік желілер жасөспірімдердің психологиясына кері әсер етеді. Бір-бірімізбен ауызша сөйлесуді ұмыттық. Twitter, Facebook, «Агент», «ВКонтакте», «WhatsApp» сияқты әлеуметтік желілерінде сағаттап отырамыз. Бұрындары адамдар әңгімелесу үшін бір-бірімен кездесетін. Ер жігіт қызбен танысқысы келсе, көшеде танысып, серуендеуге шақыратын, киноға, театрға апаратын. Ал бүгінгі күні жастар қалай танысады? Таныс емес адамдарды, әлеуметтік желідегі парақшасына қосып танысады.

Интернеттің пайда болуымен және таралуымен барлығы өзгере бастады. Достарыңмен тілдесу виртуалды әлемге көше бастады. Бұл дұрыс па, бұрыс па, әркім өзі шешеді. Соңғы кездері адамдар бетпе-бет кездесуден гөрі әлеуметтік желілерде тілдесуді қалайды.

